

**Kazakh transcript:**

Қазақ халқы ертеде киіз үйде тұрған. Сондықтан қазақтың үй мүліктері мен жиһаздары ұлттық қолөнер дәстүрі бойынша көшпелі тұрмысқа лайықталып жасалған. Түрлі материалдардан әзірленетін үй бұйымдары киіз үй кеңістігімен үйлесе келеді. Оларда халықтың сан ғасырлық бай тәжірибелері көрініс тапқан. Киіз үй бітіміне, ерекшелігіне сай үй жиһаздары көп орын алмайтын және көші-қонда алып жүруге қолайлы болып келген.

Үй жиһаздары – сандық, жағлан, кебеже, жүкаяқ, әбдіре, асадал, төсек, жастық ағаш, қолсандық, шайсандық, қобдишалармен қатар, төсеніш бұйымдары – кілем, текемет, алаша, сырмақ, құрақ көрпе, жержастық және заттар мен ыдыс-аяқтарды сақтап, тасымалдайтын бұйымдар – керме, кесеқап, аяққап, қоржын сияқты негізгі түрлерге бөлінеді. Сәндік үшін жасалған желбау, басқұрбаулар, түскиіздер үй ажарын ашып, айрықша рең береді.

Жиһаздар қатарында сәндік, әсемдік жағынан кілемнің орны ерекше саналады. Кілем негізінен Сыр өңірі мен оңтүстік өлкелерінде тоқылып, жасалған жерінің атымен атала береді. Тоқылу ерекшеліктеріне қарай қалы кілем, тағы «түкті» деп айтады, тақыр кілем, түксіз, деп бөлінсе, ою-бедерлерінің жергілікті үлгілеріне сай – адай кілемі, қоңырат кілемі, керей кілемі, үйсін кілемі деген т.б. түрлері бар.

Тоқыма бұйымдарының бірі – алаша. Арнайы аспан аспан арқылы басқұр тәрізді жалпақ етіліп тоқылып, бірнешеуінің арасын біріктіріп, терме алаша жасайды.

Үй жиһаздарының ішінде сырмақ – көне дәуірден келе жатқан көшпелілердің материалдық мәдениетінің озық жетістіктерінің бірі. Сырмақ, сыру деген сөзден шыққан – ою бастырып немесе жиекпен өрнектеліп сырылып жасалған түрлі-түсті төсеніш. Биязы жүннен бысқан жұқа киіздің бетіне оюлар салынып, кеннепен астарлап сырмақ жасайды. Ол негізінен мал баққан қазақ, қырғыз, моңғол сияқты көшпелі малшыларға тән бұйым. Оның ою-өрнегіне және көлеміне сәйкес бірнеше түрі бар. Ошақ тұсы, ортасы ашық келетін, дөнгелектене жасалған көлемді сырмақ откиіз, шай сырмақ деп те аталады.

Міне мынау сырмақтардың жасалып жатқан түрі.

Көлемі жағынан киіз үйге тұтастай төсеуге болатын төсеніш киіздің бір түрі – текемет. Текеметтің оюлы текемет, шашақты текемет, салбырама текемет сияқты түрлері бар. Текемет сырмақтан үлкен, енді болып келеді. Жұқа басылған киіздің бетіне бөлек боялған түрлі-түсті киізден оюлап, орналастырып, су себіліп, шиге орап, киізше басу арқылы текемет жасалады.

**English translation:**

In the past the Kazakhs lived in yurts. This conditioned the fact that Kazakhs' utensils and furniture, made by local craftsmen, accommodated the nomadic lifestyle. Made of different materials, all utensils and furniture were designed in accordance with the space available in the yurt. One can say that valuable national experience acquired over the centuries was reflected in creating them. In accordance with the construction, design, and uniqueness of the yurt, household goods were fit for the nomadic way of life, space saving and portability (being essential).

Household goods are divided into the following types: furniture, *sandyk*, *kebezhe*, *zhukajak*, *abdyre*, *asadal*, a bed, *kolsandyk*, *shaysandyk*, cases, carpets, *tekemet*, *alasha*, *syrmak*, a blanket, a pillow and things for keeping and carrying utensils like *kerme*, *kesekap*, *ayakkap*, *korzhyn*. *Zhelbau*, *baskurbau*, *tuskiyz*, which are made for decorative purpose, give the dwellings beauty and uniqueness.

A carpet stands separately among other Kazakh national household goods. Usually a carpet is named after the place it was woven and most carpets were made in southern regions. According to the specific character of a carpet making there was a thick carpet, also called *tukty*, a thin carpet, *tuksyz*. And according to the ornaments used in different regions in decorating a carpet there was an *aday* carpet, a *konyrat* carpet, a *kerey* carpet, a *uysyn* carpet and others (list of regional clans).

*Alasha* is another kind of woven carpet. *Terme alasha* is made from several flat carpets woven together.

In *syrmak* one can trace one of the nomads' advanced technologies used in creating craft culture since ancient times. *Syrmak*, originated from the verb *syr*, "to roll", is a multicolored carpet rolled from wool and decorated with ornaments. The surface of the carpet is decorated with ornaments made from soft wool and its warp is made from sackcloth or burlap. That kind of carpet was widely used by nomads like Kazakh, Kyrgyz and Mongol shepherds. According to the ornaments and the size there are different kinds. *Syrmak* used near the hearthside was of a round shape and with an open center and it had another name, *otkiyz* or *shay syrmak*<sup>1</sup>.

These are the way how *syrmak* is made.

*Tekemet* is a kind of carpet used in covering the larger spaces of the yurt. There are different kinds of them, such as *tekemet* with ornaments, *tekemet* with tassels and some others. *Tekemet* is larger and wider than *syrmak*. The surface of *tekemet* is decorated with multicolored ornaments made from thinly rolled felt.

**About CultureTalk:** CultureTalk is produced by the Five College Center for the Study of World Languages and housed on the LangMedia Website. The project provides students of language and culture

---

<sup>1</sup> *Shay syrmak* is a carpet for tea

with samples of people talking about their lives in the languages they use everyday. The participants in CultureTalk interviews and discussions are of many different ages and walks of life. They are free to express themselves as they wish. The ideas and opinions presented here are those of the participants. Inclusion in CultureTalk does not represent endorsement of these ideas or opinions by the Five College Center for the Study of World Languages, Five Colleges, Incorporated, or any of its member institutions: Amherst College, Hampshire College, Mount Holyoke College, Smith College and the University of Massachusetts at Amherst.

© 2003-2009 Five College Center for the Study of World Languages and Five Colleges, Incorporated